

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2023 жылғы «26» сәуірдегі
№21/23 хаттамасына
№ 3 қосымша

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2023 жылғы «26» сәуірдегі
шешімімен бекітілген
хаттама №21/23

«QAZAQ AIR» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӨНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 23 ж. « 23 » 05 .

БСН 150440000668

№ П-1909-1600-Ақ

Бастапқы тіркелген күні
20 15 ж. « 01 » 04

Астана қаласы, 2023 жыл

«QAZAQ AIR» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына сәйкес әзірленді және бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «QAZAQ AIR» акционерлік қоғамының заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Қоғамның атауы:

1) мемлекеттік тілде - «QAZAQ AIR» акционерлік қоғамы;

қысқартылған атауы - «QAZAQ AIR» АҚ;

2) орыс тілінде - Акционерное общество «QAZAQ AIR»;

қысқартылған атауы - АО «QAZAQ AIR»;

3) ағылшын тілінде - Joint stock company «QAZAQ AIR»;

қысқартылған атауы - JSC QAZAQ AIR.

2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 20-ғимарат.

3. Қоғамның қызмет мерзімі - шектелмеген.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

4. Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңын, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңын, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ҚР Заңын және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ Жалғыз акционердің және Қоғамның басқа да органдарының шешімдерін басшылыққа алады.

5. Қоғам ҚР әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болды.

6. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

7. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар.

8. Қоғамның өз тауар белгісі бар және үлгілерін Қоғамның Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін символикасы, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі және қажет болған жағдайда басқа тілдердегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болуы мүмкін.

3. Қоғамның Жалғыз акционері

9. Қоғамның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Жалғыз акционер» немесе «Қор») болып табылады.

4. Қоғамның құрылтай құжаттары

10. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Барлық мүдделі тұлғалар Қоғамның осы Жарғысымен ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танысуға құқылы.

5. Қоғамның мақсаты, мәні және қызмет түрлері

12. Қоғамның негізгі мақсаты Қоғамның ұзақ мерзімді құнын арттыру және тұрақты дамыту болып табылады.

13. Қоғам қызметінің түрлері:

1) жолаушылар мен жүктерді өңірлік және халықаралық тасымалдауды азаматтық авиацияның әуе кемелерімен жүзеге асыру;

2) авиация персоналын даярлауды, қайта даярлауды және кәсіби деңгейін қолдауды жүзеге асыру;

3) Қоғам пайдаланатын әуе кемелерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жарнама орналастыру;

4) Қоғам пайдаланатын әуе кемелерінде тамақтандыруды ұйымдастырудың өзге де түрлері;

5) Қоғам пайдаланатын әуе кемелеріндегі өзге де сымсыз телекоммуникациялық байланыс;

6) Қоғам пайдаланатын әуе кемелеріндегі телекоммуникация саласындағы өзге де қызмет.

14. ҚР заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін Қоғам тиісті лицензия немесе рұқсаттың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

6. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

15. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.

16. Қоғам өз атынан:

1) шарттар (келісім-шарттар, келісімдер) жасасуға, мәмілелер және ҚР заңнамасында тыйым салынбаған басқа да іс-әрекеттер жасауға;

2) ҚР-да және одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерді/акцияларды, жылжымайтын мүлікті, бағалы қағаздарды, зияткерлік меншік объектілерін, оның ішінде оларға құқықтарды, сондай-ақ кез келген басқа мүлікті, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға;

3) ҚР-да және одан тыс жерлерде консорциумдар (альянстар), заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер құруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікті және мүліктік құқықтарды иеліктен шығаруға, мүліктік жалға беруге немесе өзге де тәсілмен басқаруға;

5) басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарына, ҚР аумағында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына ұзақ мерзімді инвестицияларды, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен олар бойынша ұзақ мерзімді кірістер алу мақсатында басқа да салымдарды жүзеге асыруға;

6) мемлекеттік (ұлттық) бағдарламаларды іске асыруға қатысуға және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен шарттық негізде мемлекеттік қажеттіліктер үшін жұмыстарды/қызметтерді орындауға/көрсетуге;

7) ҚР шегінен тыс жерде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысуға;

8) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚР банктерінде, сондай-ақ одан тыс жерлерде банк шоттарын ашуға;

9) заңнама шеңберінде өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты мәселелерді шешуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалардан теңгемен және шетел валютасымен қарыздар алуға және орынды болған жағдайда хеджирлеу операцияларын орындай отырып, кредиттерді пайдалануға;

11) өзге, оның ішінде Қор тобына кіретін ұйымдарға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) беруге;

12) облигациялар және бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға;

13) басқа мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды сатып алуға құқылы.

17. Қоғамның дербес теңгерімі бар және Қоғамның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілген мүліктің, өз қызметі нәтижесінде алынған мүліктің, сондай-ақ ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де негіздер бойынша сатып алынған мүліктің меншік иесі болып табылады.

18. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады. Мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

19. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

20. Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционері арасындағы мәмілелер мен қатынастар ҚР заңнамасы шеңберінде әдеттегі коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

21. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының өзге де

нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты ашады және қаржылық есептілікті жариялайды.

22. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құрып, оларды өз мүлкі есебінен негізгі құралдармен және ағымдағы активтермен қамтамасыз ете алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындай алады.

23. Қоғам филиалдар мен өкілдіктерге Қоғам тағайындайтын лауазымдардың номенклатурасын, сондай-ақ жылдық еңбекақы қорының мөлшерін бекітеді. Филиал басшысы мен өкілдік басшысы Қоғам берген сенімхаттар, сондай-ақ Филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелер негізінде әрекет етеді.

24. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттарға сәйкес Қоғамның қызметін реттейтін және Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

25. Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқылы емес.

26. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

7. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

27. Қоғамның Жалғыз акционерінің:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның ішкі құжаттарында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен және талаптарда дивидендтер алуға;

3) Қоғамның Жалғыз акционері немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға, Қоғамның үлестес тұлғаларының қызметі туралы ақпарат алуға;

4) Қоғамға оның қызметі туралы, оның ішінде үлестес тұлғалар бөлінісінде жазбаша сұрау салумен жүгінуге және сұрау салуда белгіленген мерзімде немесе Қоғамға сұрау түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей дәлелді жауаптар алуға.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қолжетімділік ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады;

5) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

б) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
9) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
11) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;
12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

13) заңнамада белгіленген тәртіппен өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға құқығы бар.

28. Қоғамның Жалғыз акционерінің ҚР заңнамасында, осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

29. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) ҚР заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) Қоғамның Жалғыз акционеріне тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

30. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі Жалғыз акционердің осы Жарғы бабының 29-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

8. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

31. Қоғам жай акциялар шығарады. Қоғамның жай акциялары құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

32. Жай акция Қоғамның Жалғыз акционеріне оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамда жыл қорытындысы бойынша таза кіріс болған кезде дивидендтер алу және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен оны таратқан кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

33. Қоғамның акцияларын орналастыру туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның орналастырылатын акцияларының саны, оларды

орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

34. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

35. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға ақша, мүлктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

36. Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау ҚР заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

37. Қоғам сатып алған меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне міндетті енгізуге жатады.

38. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.

39. Қоғамның Жалғыз акционерінің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқығын растайтын құжат акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен үзінді көшірме болып табылады.

40. Қоғам өзі орналастырған акцияларды ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

41. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғамның ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен облигациялар шығаруға құқығы бар.

42. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымға жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды өткізуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі мен талаптары ҚР заңнамасымен және облигациялар шығарылымының аңдатпасымен айқындалады. Қоғам заңнамада белгіленген тәртіппен облигациялар шығару талаптарын өзгертуге құқылы.

43. Қоғамның басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар, оларды шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу талаптары мен тәртібі ҚР заңнамасымен белгіленеді.

9. Дивидендтер

44. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның таза кірісі (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен айқындалған тәртіппен бөлінеді.

45. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғам төлейтін Қоғамның Жалғыз акционерінің өзіне тиесілі акциялар бойынша кірісі дивиденд болып табылады.

46. Дивидендтерді төлеу Қоғамның Жалғыз акционері дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізілуі мүмкін.

47. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды. Қоғам ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның дивидендтік саясатына

сәйкес акциялар пакетіне дивидендтер есептеуді жүзеге асырады. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның Жалғыз акционерінің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

48. Қоғамның Жалғыз акционері жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны қамтылуға тиіс.

49. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне ҚР уәкілетті органының қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

50. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам ҚР оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

51. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

10. Қоғам органдары

52. Мыналар Қоғам органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган - Қоғамның Жалғыз акционері;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

11. Қоғамның Жалғыз акционері

53. ҚР заңнамасымен, осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

54. Қоғамның Жалғыз акционері жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға міндетті. Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

55. Қоғамның Жалғыз акционері шешім қабылдау үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Қоғам Басқармасы, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, Қоғамның Директорлар кеңесі, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асыруы мүмкін.

56. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығаруды Қоғамның Директорлар кеңесі бастамашылық етуі мүмкін.

57. Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған қалған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруды Жалғыз акционер және/немесе Директорлар кеңесі бастамашылық етуі мүмкін, ал ерікті тарату процесінде - Қоғамның тарату комиссиясы да бастамашылық етуі мүмкін.

58. ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді шығару бойынша шығыстарды Қоғам көтереді.

59. Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсынылатын ақпарат пен материалдар Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелерге қатысты жүйелендіріліп, осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат қамтылуы тиіс.

60. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) Тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі және Қоғам органдарының құрамына сайланған жағдайда мүдделердің тікелей немесе ықтимал қақтығысының болуы (болмауы) туралы мәліметтер;
- 4) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі, Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратты қоса алғанда, жұмыс өтілі, жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) біліктілігін, Қоғам қызметі саласында кәсіби құзыретінің болуын, кандидаттардың оң іскерлік беделін растайтын өзге де ақпарат.

61. Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін;
- 2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есепті;

3) Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсыныстарын;

4) Жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты;

5) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттарды қамтуға тиіс.

62. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері Қоғамның Басқармасы тарапынан сақталып, Қоғамның Жалғыз акционеріне кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша оған Қоғамның Жалғыз акционері шешімінің көшірмесі беріледі.

12. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыреті

63. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Директорлар кеңесінің төрағасын, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және талаптарын айқындау және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

5) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

6) нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

7) Қоғамның Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау), өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау және қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

9) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

10) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;

11) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың талаптары мен тәртібін айқындау;

12) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

13) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның дивидендтік саясатын және Қоғам үшін дивидендтерді есептеу нормативтерін бекіту;

16) Қоғам акцияларды заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін және осы әдістемеге өзгерістерді бекіту;

17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

19) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның Жалғыз акционерімен өзара іс-қимыл туралы ережені бекіту, Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралын айқындау;

21) Қоғамның лауазымды тұлғасының кінәсінен Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу туралы талап-арызбен Қоғамның сотқа жүгінуі туралы шешім қабылдау;

22) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиесілілік нормативтерін және Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыру алаңдарының нормаларын айқындау;

23) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

24) қызметкерлерге мобильді байланысты пайдалану құқығын беру кезінде Қоғамның қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимитін, Қоғамның өкілдік шығыстарының нормаларын айқындау;

25) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

26) Қоғамды немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру талаптарын айқындау;

27) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

28) шешім қабылдау заңнамада және (немесе) осы Жарғыда Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

64. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

65. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі

66. Қоғамның Директорлар кеңесі заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері ҚР заңнамасына, осы Жарғыға, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қабылданады.

67. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін Қоғамның Жалғыз акционері алдында жауапты болады.

68. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, Қоғамның даму стратегиясын бекіту және стратегияның іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

2) Қоғамның Бизнес-жоспарын бекіту, оның іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ Бизнес-жоспарға түзетулерді бекіту;

3) ірі инвестициялық/стратегиялық жобалардың мониторингін жүзеге асыру;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Қазақстанда және шетелде Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасын қоспағанда) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің және өзге де қызметкерлердің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

10) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;

11) Қоғамның Жалғыз акционерінің саясатын ескере отырып, Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау талаптарын айқындау,

олардың қызметін бағалау, сондай-ақ Қоғамның Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешімдер қабылдау, Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда;

12) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін айқындау және Ішкі аудит қызметі туралы ережені, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, әлеуметтік қолдау және сыйлықақы беру мөлшері мен талаптарын (Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитетінің ұсынымы бойынша) бекіту, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмысын бағалау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешімдер қабылдау;

13) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қоғамның Корпоративтік хатшысы қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің штат кестесін бекіту;

15) жасасу туралы шешімді «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілелер (бұдан әрі – ірі мәміле) және оларды жасауға Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

16) Қор тобына кірмейтін ұйымдармен, сондай-ақ жеке тұлғалармен жасалатын, оларды жасауға Компания мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақы, сыйлықақы, әлеуметтік қолдау мөлшерін және еңбекақы төлеу талаптарын айқындау, Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау, Қоғамның Корпоративтік хатшысының жұмыс жоспарларын және қызметі туралы есептерді бекіту, сондай-ақ Корпоративтік хатшыға тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның өкілдіктері мен филиалдарын, Қоғамның орталық аппаратының құрылымын қоса алғанда, Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

19) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі қабылдаған құжаттардың күші жойылды деп тану;

20) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

24) Қоғамның басқармасының және Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын Қоғамның жылдық есебін бекіту, сондай-ақ Басқарма Төрағасының осы Жарғының 103-тармағының 21) тармақшасында көзделген жасасқан мәмілелері туралы ақпаратты қарау;

25) орнықты даму саласындағы құжаттарды, оның ішінде орнықты даму жөніндегі есеп пен іс-шаралар жоспарын бекіту;

26) Қоғамның дивидендтік саясатын алдын ала бекіту және оны Жалғыз акционердің бекітуіне шығару;

27) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

28) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы, оның ішінде қаржылық ақпарат алу тәртібі мен мерзімін айқындау;

29) Қоғамның Басқарма мүшелеріне, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне, Комплаенс қызметінің қызметкерлеріне, Қоғамның Корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын, лауазымдық жалақылар схемасын бекіту;

30) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы ұсыныстар беру;

31) Қоғамның Комплаенс қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін айқындау және Комплаенс қызметі туралы ережені, Комплаенс қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету және сыйлықақы беру мөлшері мен талаптарын бекіту, Комплаенс қызметінің жылдық жоспарын бекіту, Комплаенс қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау, оның қызметін бағалау, сондай-ақ Қоғамның Комплаенс қызметінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешімдер қабылдау;

32) Басқарма Төрағасы, Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Комплаенс қызметінің қызметкерлері, Қоғамның Корпоративтік хатшысы үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту және түзету;

33) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды, оның ішінде тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және тәуекелдерді басқару жөніндегі

Қоғамның рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

34) тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

35) Қоғамның есеп саясатын бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

36) оларды тағайындауды келісуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның басқа да қызметкерлерінің қызметін бағалау;

37) акцияларына (қатысу үлестеріне) Қоғам тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғаларда лауазымды адамдарды тағайындауға қатысты саясатты әзірлеу;

38) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу мөлшері, тәртібі және төлеу талаптары, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға байланысты шығыстарды өтеу тәртібі бойынша ұсынымдар дайындау;

39) Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау; өз құзыреті шеңберінде Қоғамның тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту, жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

40) біліктілік талаптарын белгіледі, тағайындауға келісім беруді, Директорлар кеңесінің олардың қызметін бағалауды көздейтін негізгі лауазымдардың тізбесін бекіту;

41) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару;

42) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

43) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

44) Қоғам міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

45) Қоғам акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

46) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

47) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

48) Қоғамның іскерлік әдеп кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

49) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің сақталуын және тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

50) өз құзыреті шегінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оларды реттеуге қатысу;

51) Корпоративтік хатшы қызметінің, Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс қызметінің бюджеттерін бекіту;

52) заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

69. Тізбесі осы Жарғының 67-тармағында белгіленген мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Директорлар кеңесі осы Жарғының 68-тармағының 1)-3),7), 8), 11)-18), 20)-24), 27), 31-33), 36), 42), 44), 51 тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдай алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің ең болмағанда бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе кезекті күндізгі отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

70. Қоғамның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) жеке тұлға немесе Қоғамның акционері болып табылмайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Жалғыз акционері мүдделерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқа, Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

71. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік және/немесе салалық ортадағы оң жетістіктері болуға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе кешірілмеген сотталғандығы бар адам;

2) жоғары білімі жоқ адам;

3) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адам; көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны

консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

4) Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғаның акционері (қатысушысы), лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болып табылатын адам сайлана алмайды.

Қоғамның тәуелсіз директорының кандидатурасы келесі критерийлерді қанағаттандыруы керек:

1) Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған (оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);

2) Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының қызметкері болып табылмайтын және өзі Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;

3) Қоғамның қызметкерімен жақын туыстық қатынаста (ата-анасы, аға-інілі, әпке-қарындас, ұлы, қызы), некеде, сондай-ақ жекжаттық қатынаста (жұбайының (зайыбының) аға-інісі, әпке-қарындасы, ата-анасы, ұлы немесе қызы) тұрмайтын және өзі Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай қатынаста тұрмаған;

4) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын;

5) Қоғамның немесе Қоғам ұйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылығы жоқ және өзі Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағынысты болмаған;

6) ірі клиенттің немесе Қоғам жеткізушісінің не оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;

7) Қоғамнан немесе оның үлестес тұлғаларынан елеулі қаржыландыру алатын коммерциялық емес ұйымның үлестес тұлғасы болып табылмайтын;

8) Қоғамға және оның үлестес тұлғаларына кез келген түрдегі ақылы қызметтер, оның ішінде консультациялық қызметтер көрсетпейтін;

9) Қоғам қызметкері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаратын заңды тұлғаның лауазымды адамы болып табылмайтын;

10) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;

11) Қоғам органдарының отырыстарында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;

12) Қоғамның аудиторы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;

13) Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

14) Қоғам аудиторының не оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған.

72. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар заңнамада және осы Жарғыда белгіленеді. Директорлар кеңесінің мүшесі мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас заңнамамен, Қоғамның осы Жарғысымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

73. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді және кейіннен қайта сайлау құқығымен 3 (үш) жылдан аспауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға жатады. Тәуелсіз директор Қоғамның Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, тоғыз жыл өткеннен кейін Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорын сайлау жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілуі тиіс.

74. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

75. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын Қоғамның Жалғыз акционері сайлайды.

77. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы заңнамаға, Қоғамның осы Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның отырыстарын жүргізеді;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін дайындауды ұйымдастырады;

5) Қоғам атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау талаптарын белгілей отырып, Қоғамның Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасасады. Бұл ретте осы еңбек шарты Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуден Қоғамның Басқарма Төрағасын материалдық көтермелеудің тікелей тәуелділігін көздеуі тиіс;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметіне Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді үлесін, атап айтқанда Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқармасы арасындағы сындарлы қатынастарды, сондай-ақ өткен күнтізбелік жылдағы Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп ұсынуын қамтамасыз етеді;

7) Қоғамның Жалғыз акционерімен тиімді өзара іс-қимылды, оның ішінде онымен Қоғамның даму стратегиясын және негізгі стратегиялық шешімдерді талқылауды, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің көзқарасын Қоғамның Директорлар кеңесіне толық жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) Қоғам атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарттарға қол қояды;

9) Қоғамның Жалғыз акционерінің сауалдарына жауаптардың берілуін қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық әрі өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға шоғырландыруды және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуды қамтамасыз етеді;

12) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және егжей-тегжейлі қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің барынша нәтижелілігін қамтамасыз етеді;

13) Қоғамның Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз етеді;

14) корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және олардың Қоғам қызметіне теріс әсерін барынша азайту бойынша шаралар қабылдайды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерді уақтылы хабардар етеді.

15) ҚР заңнамасында, Қоғамның осы Жарғысында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

78. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі заңнамада, Қоғамның осы Жарғысында және Жалғыз акционердің шешімімен бекітілетін Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

79. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар алдын ала – кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын, ал төменде көрсетілген неғұрлым маңызды мәселелер бойынша – кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі:

1) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) Қоғамның бес жылдық кезеңге арналған Бизнес-жоспарын бекіту;

3) Басқарма Төрағасы және Басқарма мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

4) Қоғамның жылдық есебін бекіту

5) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау.

80. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Басқармасы төрағасының бастамасы бойынша не:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) Қоғамның Жалғыз акционерінің;
- 4) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

81. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның Басқармасына көрсетілген талаппен жүгінуге құқылы.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу туралы жазбаша хабарламаға сырттай дауыс беруге арналған бюллетень де қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысына қол қойылған бюллетеньді ұсыну күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер.

82. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрауы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығаруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені

Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

83. Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңнамада және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ сарапшылар Директорлар кеңесінің отырысына телефон арқылы конференц-байланыс немесе отырыстың барлық қатысушыларына бір-бірін естуге және бір-бірімен сөйлесуге мүмкіндік беретін байланыстың басқа түрі арқылы қатыса алады. Директорлар кеңесінің отырысына осылай қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелері Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумда есепке алуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай отырысы бетпе-бет отырыс болып табылады.

84. Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім оларды жасауға мүдделі емес Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Қоғамның тәуелсіз директорларынан басқа, Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәміле жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім Қоғамның тәуелсіз директорларының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәміле жасасуы туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері мына:

1) егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда қабылдайды.

85. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қалауымен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Қоғамның Корпоративтік хатшысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қолы қойылуға тиіс, сондай-ақ онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;

- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібін;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде оны Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып жіберуге тиіс.

86. Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап жеті күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Қоғамның Корпоративтік хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Қоғамның Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамда сақталады.

Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің өз қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен расталған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

87. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дауласуға құқылы.

88. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта жоғарыда санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің комитетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы тармақта көрсетілген Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары Қоғамның тәуелсіз директорлары болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің құрамына Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары кіреді. Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің мүшелері бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында терең білімі мен практикалық тәжірибесіне ие болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады. Аудит комитетінің базалық функцияларына ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелері және Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер кіреді.

Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

89. Қоғамның Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерінен ағымдағы қызмет туралы есеп ұсынуын талап етуге құқылы. Мұндай есепті дайындау және ұсыну мерзімін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

14. Қоғам Басқармасы

90. Ағымдағы қызметке Қоғам Басқармасы басшылық етеді. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады және оны Қоғамның Басқарма Төрағасы басқарады.

91. Қоғам Басқармасы ҚР заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға, оның ішінде ҚР заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес Қоғамның мүлкіне билік етуге құқылы.

92. Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері және/немесе Директорлар кеңесі қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;

2) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау;

3) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның Бизнес-жоспарын мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

4) нәтижесінде құны 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңгеден асатын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасасу;

5) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын, Қоғамның орталық аппаратының құрылымын Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

6) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып, оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, Қоғамның штат кестесін бекіту;

7) Қоғамның барлық қызметкерлеріне (Қоғамның Басқарма мүшелерін, Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда) еңбекақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларын, лауазымдық жалақылар схемасын бекіту;

8) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдауы;

9) Қоғамның Басқарма Төрағасының ұсынуы бойынша Қоғамның Басқарма хатшысын сайлау;

10) Қоғам қызметінің белгілі бір бағыттары бойынша Қоғам Басқармасы жанынан комитеттер құру, оларды құру туралы шешімдер қабылдау Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған;

11) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мүдделер қақтығысы мен корпоративтік жанжалдардың мониторингін жүзеге асыру және оларды реттеуге қатысу;

12) Қоғамның Директорлар кеңесі, Қоғамның Жалғыз акционері шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру және олардың сұрау салулары бойынша атқарылуы туралы ақпарат беру;

13) Қоғамның жылдық есебін Қоғамның Директорлар кеңесіне бекітуге шығару;

14) Қоғамның дивидендтік саясатына, есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындауға қатысты ұсынымдар дайындау жөніндегі ұсыныстарды қарау, мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну;

15) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

16) Қоғамның Директорлар кеңесіне және/немесе Жалғыз акционерге бекітуге шығарылатын ішкі құжаттарды және Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау;

17) Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен тәртіпке сәйкес жасауға Қоғам мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның Бизнес-жоспары шеңберінде Қоғамның (егжей-тегжейлі) бюджетін бекіту;

19) Қоғамның Бизнес-жоспарын әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну;

20) Қоғамның Бизнес-жоспарын іске асыру;

21) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауы;

22) Қоғамның салықтық есеп саясатын бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

23) заңнамада және/немесе осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

93. Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Қоғам Басқармасының отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс. Қоғам Басқармасының шешімдері отырысқа қатысқан немесе жазбаша хабарламалар ұсынған Қоғамның Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғам Басқармасының әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамның Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

94. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

95. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қоғам өзінің Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

96. Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ Қоғам Басқармасының өзге де өкілеттіктері ҚР заңнамасымен, Қоғамның осы Жарғысымен және Қоғам басқармасының қызметін регламенттейтін Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен айқындалады.

97. Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері және Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын және қызметтен босататын Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері болып табылмайтын Қоғамның қызметкерлері Қоғамның Басқарма мүшелері бола алады.

Қоғамның Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң іскерлік және жеке беделі болуы тиіс.

98. Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы Басқарманың өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

99. Қоғамның Басқарма Төрағасын қоспағанда, Қоғамның Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның жаңа Басқарма мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі жалпы Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімі біткен кезде бір мезгілде аяқталады.

100. Қоғамның Басқарма мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Қоғамға тиесілі ұйымдарды қоспағанда, Басқарма мүшесінің Қоғаммен бәсекелес ұйымдарда жұмыс істеуге құқығы жоқ.

101. Қоғамның Басқарма Төрағасы атқарушы органның басшысы не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға құқылы емес.

102. Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны заңнамаға, осы Жарғыға, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшелері залалдың алдын алу, Қоғам Басқармасының отырысын шақыруға бастамашылық жасау, Қоғам Басқармасының төрағасын хабардар ету жолымен немесе өзге де қолжетімді тәсілмен Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

Қоғамның Басқарма мүшесінің өзге функциялары, құқықтары мен міндеттері заңнамамен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған адам мен Қоғам арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Қоғамның Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер уәкілеттік берген адам қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

103. Қоғамның Басқарма Төрағасы:

- 1) Қоғам Басқармасына басшылық етеді;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) шарттарға, кепілдіктерге, келісімдерге қол қояды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес мәмілелер жасау құқығын қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 5) шешім қабылдау заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәмілелерді жасайды;
- 6) Қоғам қызметкерлерін (заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның

лауазымдық жалақылар схемасына сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, Қоғам Басқармасының, Қоғамның ішкі аудит қызметінің, Қоғамның Корпоративтік хатшысының, Қоғамның Комплаенс қызметінің мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін Қоғамның Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді, бұл ретте Қоғам органдарымен, Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның осы Басқарма мүшесі оған Қоғамның Басқарма Төрағасының міндеттерін орындауды жүктеу туралы бұйрық негізінде әрекет етеді;

8) Қоғамның Басқарма мүшелері арасында, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

9) Қоғам атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудит жүргізуге шарт жасасады;

10) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

11) Қоғам жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционері алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты болады;

13) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

14) құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады;

15) Қоғам Басқармасының отырыстарын шақырады;

16) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді қоса алғанда, Қоғамның Басқармасы айқындайтын тәртіппен Қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;

17) Қоғамның Жалғыз акционеріне:

– Қоғамның даму стратегиясын іске асыру туралы есептер

– Қоғамның Жалғыз акционері белгілеген нысандар мен мерзімдер бойынша Қоғамның Бизнес-жоспарын іске асыру туралы есептер;

– Қоғамның Жалғыз акционері айқындаған нысандар бойынша және мерзімдерде Қоғамның, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілік ұсынады;

18) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеуді қамтамасыз етеді;

19) Қоғамның Басқарма төрағасының шетелдік іссапарлары мен демалыстарын Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен келісілуін қамтамасыз етеді;

20) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен оның орынбасарларының іссапарлары, соның ішінде шетелдік іссапарлары туралы бұйрықтарға қол қояды;

21) Белгіленген тәртіппен келісілген, нәтижесінде қоғам құны 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңгені құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешім қабылдайды;

22) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындауға қажетті Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

104. Қоғам Басқармасы Төрағасының бастамасы бойынша осы Жарғының 103-тармағының 21) тармақшасында көзделген мәселелер Қоғам Басқармасының қарауына шығарылуы мүмкін.

105. Қоғам Басқармасының отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Қоғам Басқармасының отырысын шақыру және өткізу тәртібі Қоғам Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

106. Егер Қоғам Басқармасының отырысына оның мүшелері санының кемінде жартысы қатысса, Қоғам Басқармасы шешім қабылдауға құқылы.

107. Қоғам Басқармасының шешімдері Қоғам Басқармасының қатысып отырған мүшелері санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамның Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

108. Мәселелерді Басқарманың қарауына енгізу құқығы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Қоғамның Басқарма Төрағасына, Қоғамның Басқарма мүшелеріне, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына, Қоғамның Ішкі аудит қызметіне, Комплаенс қызметіне тиесілі.

109. Қоғам Басқармасы тұрақты негізде сайлайтын Қоғам Басқармасының хатшысы Қоғам Басқармасы мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін Қоғам Басқармасы хатшысының қолымен және Қоғам Басқармасы мөрінің бедерімен расталған Қоғам Басқармасы отырысының хаттамасын ұсынуға міндетті.

110. Қоғам Басқармасы:

1) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін;

2) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлгені үшін;

3) Қоғамның Директорлар кеңесін Қоғамның Бизнес-жоспары шеңберінде өз функцияларын толыққанды орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету үшін;

4) заңнамада, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде көзделген өзге де жағдайларда жауаптылықта болады.

15. Ішкі аудит қызметі

111. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды орындау саласындағы бағалау үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

112. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат ұсынады;

2) жүйелі және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестеріне бағалау жүргізеді және оны жетілдіруге ықпал етеді;

3) Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

113. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, оның қызмет тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

Ішкі аудит қызметінің жұмысына жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жүзеге асырады.

114. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы объективті ақпаратты, сондай-ақ толық көлемде және уақтылы негізде қажетті түсіндірулер мен түсіндірмелерді ұсынады.

115. Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары заңнамамен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

116. Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті Қоғамның Ішкі аудит қызметімен бірге Қоғам қызметкерлері қаржылық есептілік мәселелеріндегі немесе өзге де мәселелердегі ықтимал сәйкессіздіктерге қатысты мәселелерді құпия түрде көтере алатын іс-шаралар жүйесін зерделейді.

117. Қоғамның Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетінің ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырады.

16. Қоғамның Корпоративтік хатшысы

118. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді Қоғамның органдары мен лауазымды адамдарының сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік басқару ережелері мен кодексін, Қоғам Жарғысының ережелерін және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын сақтау Қоғамның Корпоративтік хатшысына жүктеледі. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді және Қоғамның корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үшін кеңесші қызметін атқарады.

119. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуге бақылау жүргізеді, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

120. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты әрі дәл ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

121. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарма мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері болып табылады.

122. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

123. Қоғамның Корпоративтік хатшысы қызметінің мәртебесі, функционалдық міндеттері, өкілеттіктері және өзге де мәселелері Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы ережеде айқындалады.

124. Корпоративтік хатшының тиісті жұмысын қамтамасыз ету үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Корпоративтік хатшының қызметін құруға жол беріледі.

17. Қоғамның лауазымды тұлғалары

125. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны заңнамаға, Қоғамның осы Жарғысына, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, Қоғамның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) қоғамның қызметі туралы ақпараттың заңнамаға, Қоғам Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтайды.

126. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) осы Жарғыда және ҚР заңнамасында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім

қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционердің алдында ҚР заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

ҚР заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда, Жалғыз акционердің ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауаптылықтан босатпайды.

Қоғамның лауазымды тұлғасына талап-арызбен Қоғамның сотқа жүгінуі үшін тәртіп пен негіздер ҚР заңнамасында белгіленеді.

18. Қаржылық есептілік, есепке алу құжаттамасы және аудит

127. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жыл болып табылады (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

128. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

129. Қоғам Басқармасы жыл сайын Қоғамның Жалғыз акционеріне талқылау және бекіту үшін аудиті аудиторлық қызмет жөніндегі заңнамаға сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Қоғам Басқармасы жылдық қаржылық есептіліктен басқа Қоғамның Жалғыз акционеріне аудиторлық есепті ұсынады.

130. Жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарған күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

131. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Жалғыз акционері бекітеді.

132. Қоғам қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық деректер ұлттық валюта - теңгемен көрсетіледі және ақпарат үшін шетел валютасына аударылуы мүмкін.

133. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілеген мерзімдерде немесе ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті органмен келісім бойынша ҚР Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті.

134. Қоғам жыл сайын ҚР заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуді қамтамасыз етеді.

135. Қоғамның аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, мұндайда

Қоғамның Жалғыз акционері міндетті аудит жүргізу бойынша аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы.

136. Жалғыз акционердің талап етуімен аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

137. Егер Қоғам Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

138. Құндық есепке алу ҚР ақша бірлігі – теңгемен жүргізіледі.

Шетел валютасындағы операциялар валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, операция жасалған күнде теңгемен көрсетіледі.

19. Қоғамның ақпаратты жария етуі, Қоғамның құжаттары

139. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы кезеңінде Қоғам «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде:

- 1) Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты;
- 2) жыл қорытындысы бойынша Қоғамның атқарушы органы мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты;
- 3) Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді;
- 4) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамын;
- 5) Қоғам әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызына иелік ететін ұйымдардың тізімін;
- 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және Қоғамның аудиторлық есептерін (аудиторлық есептерді жария етуді «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті аудитке жататын Қоғам жүзеге асырады);
- 7) оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісін;
- 8) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті;
- 9) Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуы кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат деп мынадай мәліметтер түсініледі:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционері қабылдаған шешімдер;
- 2) Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының құрамын, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының құрамындағы өзгерістерді көрсете отырып, Директорлар кеңесін, Қоғам Басқармасын сайлау;
- 3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамындағы өзгерістер;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі немесе осы шешімдерді қабылдауға уәкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын Қоғамның тиісті органы қабылдаған мыналар:

акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы;

жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы;

егер Қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асатын болса, Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы;

облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару туралы;

бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешімдер: Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер болып табылады;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін Қоғамның жай акцияларына айырбастау;

6) Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау;

7) Қоғам әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызына иелік ететін ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер;

8) Қоғамның бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелер жасауы: Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер болып табылады.

Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс;

9) Қоғамды мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;

10) Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілден (қайта кепілден) шығару;

11) құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан шығару);

12) Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу;

13) баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

14) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

15) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);

16) Қоғамның негізгі қызмет түрлерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын өзгертуі;

17) Жарғыға және Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің және (немесе) инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

140. Осы Жарғының 135-тармағында көрсетілген ақпаратты жария етуді Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмеген жағдайда, бұл ақпаратты Қоғам ол пайда болған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде жария етеді.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараты бар Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

141. Қоғамның қызметіне қатысты Қоғам құжаттары өз қызметінің бүкіл мерзімі бойы Қоғамның Басқармасы орналасқан жерде немесе Қоғам Басқармасының шешімі бойынша өзге жерде сақталуға жатады.

Мына құжаттар:

1) Қоғамның Жрғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Қоғамның Жалғыз құрылтайшысының шешімі, Қоғамның Жалғыз құрылтайшысының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

3) Қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

4) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсаттар;

5) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

7) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға ұсынған есептерін бекіту;

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

9) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері және оларға күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті материалдар;

10) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Қоғамның Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

11) Қоғам Басқармасы отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары сақталуға тиіс.

142. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі ҚР заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

143. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша Қоғам оған заңнамада және осы Жарғыда көзделген құжаттардың көшірмесін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті. Қоғамның Жалғыз акционеріне белгілі болған «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгілері бар Қоғамның қызметі туралы жазбаша түрдегі немесе өзге нысандағы ақпарат олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша ҚР орталық мемлекеттік органдарын қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді. «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгілері бар ақпаратты жария ету заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

144. Қоғам өзінің үлестес тұлғалары ұсынатын мәліметтердің негізінде олардың есебін жүргізеді.

145. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзі белгілеген тәртіппен ұсынады. Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ол пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде береді.

Бұрын Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы үлестес ретінде көрсеткен тұлға мұндай болуды тоқтатқан жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бес күндік мерзімде бұл туралы Қоғамға хабарлайды.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамға бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті талаптарын орындауға мүмкіндік беретін көлемде Қоғамға беріледі.

20. Қоғам меншігін құқықтық қорғау

146. Қоғам меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

147. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) және оны тарату ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Ұлттық тиесілілігіне байланысты талаптар

148. Шетелдік тұлғаға жеке не басқа шетелдік тұлғалармен жиынтықта:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ҚР Заңдарына немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, Қоғамның акциялары базалық

активі болып табылатын Қоғамның акцияларын және (немесе) туынды бағалы қағаздарын Қоғамның орналастырылған (Қоғамның өзі сатып алған акциялар шегеріле отырып) акцияларының жалпы санының 49 (қырық тоғыз) пайызынан асатын мөлшерде тікелей және (немесе) жанама иеленуге, пайдалануға және (немесе) билік етуге;

2) Қоғамға қатысты тиімді бақылауды жүзеге асыруға тыйым салынады.

149. Жалғыз Акционер мен Қоғам «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ұлттық тиесілігі және тиімді бақылау бөлігінде талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

150. «Тиімді бақылау» заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның шешімдерін айқындау мүмкіндігін білдіреді, ол мынадай шарттардың бірі болған кезде туындайды:

заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның орналастырылған (артықшылықты және заңды тұлға сатып алғандарды шегере отырып) акцияларының, қатысу үлестерінің, пайларының не үлестік қатысудың басқа да нысандарының 50 (елу) пайыздан астамын тікелей және (немесе) жанама иеленгенде, пайдаланғанда және (немесе) билік еткенде;

заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның басқару органы немесе атқарушы органы құрамының кемінде жартысын тікелей немесе жанама сайлау мүмкіндігі болғанда;

бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп, заңды тұлғаның немесе заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымның шешімдерін заңнамалық актінің, сот шешімінің негізінде, шартқа (растайтын құжаттарға) орай немесе заңнамада көзделген жағдайларда өзгеше түрде тікелей немесе жанама айқындау мүмкіндігі болғанда.

23. Қорытынды ережелер


151. Егер осы Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан мағынасы бойынша жақын ережемен ауыстырылады.

152. Осы Жарғыда көзделмеген қалған барлық жағдайларда, Қоғам өз қызметінде заңнама ережелерін, Қоғамның корпоративтік басқару кодексін және ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

153. Осы Жарғы ҚР әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

154. Осы Жарғы бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) түпнұсқалық данада әзірленді.

**«QAZAQ AIR» акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы**





**Приложение № 3 к протоколу
Правления АО «Самрук-Қазына»
от 26 апреля 2023 года №21/23**

**Утверждено
Решением Единственного
акционера АО «QAZAQ AIR»
(протокол Правления
АО «Самрук-Қазына»
от 26 апреля 2023 года №21/23)**

**УСТАВ
Акционерного общества
«QAZAQ AIR»**

г. Астана, 2023 год

Настоящий Устав акционерного общества «QAZAQ AIR» (далее - Устав) разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан (далее – РК) и определяет правовой статус акционерного общества «QAZAQ AIR», как юридического лица, именуемого в дальнейшем «Общество».

1. Общие положения

1. Наименование Общества:

- 1) на государственном языке - «QAZAQ AIR» Акционерлік қоғамы; сокращенное - «QAZAQ AIR» АҚ;
- 2) на русском языке - Акционерное общество «QAZAQ AIR»; сокращенное - АО «QAZAQ AIR»;
- 3) на английском языке - Joint stock company «QAZAQ AIR»; сокращенное - JSC QAZAQ AIR.

2. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 010017, г. Астана, р-н Есиль, пр. Мәңгілік Ел, здание 20.

3. Срок деятельности Общества - не ограничен.

2. Юридический статус Общества

4. Общество является юридическим лицом, созданным в организационно-правовой форме акционерного общества, и в своей деятельности руководствуется Конституцией РК, Гражданским кодексом РК, Законом РК «О Фонде национального благосостояния», Законом РК «Об акционерных обществах», Законом РК «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации» и иными нормативными правовыми актами РК, настоящим Уставом, Кодексом корпоративного управления Общества, а также решениями Единственного акционера и других органов Общества.

5. Общество приобрело статус юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции РК.

6. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

7. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках.

8. Общество имеет свой товарный знак и может иметь иную символику, образцы, которых утверждаются Правлением Общества и регистрируются в установленном порядке, а также штампы на государственном, русском языках и при необходимости на других языках, фирменные бланки и другие реквизиты.

3. Единственный акционер Общества

9. Единственным акционером Общества является акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее – «Единственный акционер» или «Фонд»).

4. Учредительные документы Общества

10. Настоящий Устав является Учредительным документом Общества.

11. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с настоящим Уставом Общества, в порядке, установленном законодательством РК.

5. Цель, предмет и виды деятельности Общества

12. Основной целью Общества является рост долгосрочной стоимости и устойчивое развитие Общества.

13. Виды деятельности Общества:

- 1) осуществление региональных и международных перевозок пассажиров и грузов воздушными судами гражданской авиации;
- 2) осуществление подготовки, переподготовки и поддержания профессионального уровня авиационного персонала;
- 3) размещение рекламы в средствах массовой информации на воздушных судах, эксплуатируемых Обществом;
- 4) прочие виды организации питания на воздушных судах, эксплуатируемых Обществом;
- 5) прочая беспроводная телекоммуникационная связь на воздушных судах, эксплуатируемых Обществом;
- 6) прочая деятельность в области телекоммуникаций на воздушных судах, эксплуатируемых Обществом.

14. Отдельные виды деятельности, которые подлежат лицензированию в соответствии с законодательством РК, Общество осуществляет только после получения соответствующей лицензии или иного вида разрешений.

6. Права и обязанности Общества

15. Общество имеет права и несет обязанности, предусмотренные Законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

16. Общество имеет право от своего имени:

- 1) заключать договоры (контракты, соглашения), совершать сделки и другие действия, которые не запрещены законодательством РК;
- 2) приобретать в РК и за ее пределами доли/акции в уставном капитале юридических лиц, недвижимое имущество, ценные бумаги, объекты интеллектуальной собственности, в том числе и права на них, а также любое другое имущество, право недропользования;
- 3) создавать в РК и за ее пределами консорциумы (альянсы), юридические лица, филиалы и представительства;
- 4) отчуждать, сдавать в имущественный наем или иным способом распоряжаться принадлежащим ему на праве собственности имуществом и имущественными правами в порядке, установленном законодательством РК и настоящим Уставом;

5) осуществлять долгосрочные инвестиции в ценные бумаги других юридических лиц, уставные капиталы юридических лиц на территории РК и за ее пределами, другие вложения с целью получения по ним долгосрочных доходов в порядке, установленном законодательством РК;

6) участвовать в реализации государственных (национальных) программ и выполнять/оказывать работы/услуги для государственных нужд на договорной основе в порядке, установленном законодательством РК;

7) осуществлять предпринимательскую деятельность за пределами РК, в том числе участвовать в организации и деятельности международных объединений и организаций с участием иностранных юридических и физических лиц;

8) в порядке, установленном законодательством РК, открывать банковские счета в банках РК, а также за ее пределами;

